

Біріне-бірі керағар екі күш бір ауылдың сырт көзді сүйіндірген, талай дуалы ауыз, пәтуәлі зиялы жандардың «Шіркін, ел болсаң осындай бол! Бірлігі мен туыскандығы, ымырасы бақ қондырып, дәулетін тасытқан» деп таңдайын қақтырған киелі орданың шаңырағын ортасына түсіруге айналды. Ойда-жоқта іргесін шайқап-ақ жіберді. Береке кетерде бірлік қашады деген сөздің жаны болғаны ма, әлде бір асқанға бір тосқан деген осы ма?! Бірінің сөзіне, дітіне түсінбей екі дүлей қараңғы зынданның түбінде кездескендей жұлысып-ақ кетті. Өліспей, берісетін түрлері жоқ.

«Қамысты бос ұстасан қолыңды қияды», оларды ық еткізбес үшін жанды жер, басты күре тамырды ки! Сонда ғана жан таласпай қолға тұрады. Ағайынды екеу бір-біріне тесіле қарады. Үлкені-кішісіне басын изеді, ләм деп жақ ашқан жоқ. Мына пәтуәға келіскені... Ақыры олар айтқан күре тамырды бір сәтте қиып тастап өз дегеніне жетті.

О шеті мен бұ шеті атшаптырым ауылдың бір шетінде жасы тоқсанды тоғанактаған Сүйір карт шәй кесенің түбіне пісте май құйып, сықсима шырақ шам жағып, басы қалт-құлт етіп, ішіне жылан толып кеткендей: «О, құдыреті күшті бір Алла, бұл қай әмірің? Бұл қай қолыңды кес деген пәрменің? Өлер шағымда көретінім осы ма? Ертең о дүниеге барғанда, мамыражай өмірдің, ымыра бірлігін, адамгершілік татулығын мұраға қалдырып, ықылым замандар береkesі тасып келе жатқан адалдық, пәктік, ізгілікті қасиет деген ата-балаларыма не бетімді айтамын? Жалғанның қызығына сатылған дүниекоңыз өз пайдасынан басқаны білмейтін, ел-жұрт ымырасын түсінбейтін, ар-ұяттан безгендер теңдік бермей, ойына келгенін істеп, өз билігін жүргізді дейміз бе? Жок, бұл тығырыктан шығатын жол бар ма, әлде? Ей, ұлы рух бабалар әруағы, қалғып кеттің бе, шақшадай бастың шарадай болған шағындадемеп, желеп-жебесенші! Әлде имең қағып, ақ таяғымды беліме қыстырып, мынау өзіңнен өрген, өзіңнен тараған алты жүз түтінді тік тұрғызып, бетімен кеткен арсыз «қос таяжал» атанған тентектердің жолын кесейін бе? Ел керек пе, есер керек пе?...»

Екі тауды көзге көрінбейтін алып күш иығына салып ап бар пәрменімен бетпепет кеп соғып жіберуге алып келе жатыр. Бір жағында - арамза, албасты пейіл, екіншісі - ебелек ақ шуақ, аңғал сағым сенім. Не болар екен? Былай қарағанда бір дененің бойындағы екі көз біріне-бірі шабуыл жасағалы тұрған сияқты. Сондағы себеп не?

Қараптан қарап тұрып, ойда-жоқта бұлтсыз аспаннан жай түсті. Бір-ақ сәтте алты жүз үйде шам сөнді, алты жүз шаңырақ шөлге қамалды, сусыз қалды, алты жүз түтінің оты өшті. Бір қас-қағымда аты аңызға айналған Қыдыр қонған дала қасіреттің шаласын құшақтап, бала-шағасы шулап, оты бықсыды да қалды.

- Бұл не маскара?
- Бір атаның баласы едік, бір кіндіктен тарап қанша дәуірлер, не қиындық кездессе де мойымай, бірлік, туысқандық дінгегінің бауырында өсіп, мұратымыз асыл, тілегіміз қабыл еді. Не жаздық тәңірге? Әр нәрсенің шегі бар емес пе? - деген өткір уытты сөздер ел ішін кезіп кетті. Түсініксіз дағдарыс болып, әр босаға-

дан аттап, төрге озды. Мұның ақыры не болар екен?

Бозала таңда Сүйір қарттың тарғыл дауысы қатты шықты. Кеңес дәуірінде бірнеше жыл кеңшар басшылары отырған бұл күнде Абыр мен Дабырдың ақ босағасы атанған еңселі ғимараттың алдына елең-алаңда жиналған жұртты дүр сілкінтті.

- Бір-екеуің барып, Абыр мен Дабырды шақырындар. Тез келсін! - қатты ширығып, бұл сөзді бұйрып айтты.

- Е, бәсе, - деп қалды көп ішінен біреу, қарттың әмірін

күйі, басын көтермей әлі отыр. Ыбыр-жыбыр сезіле қалса, еденді ақ таяғымен бір нұқып, жұрттың үнін өшіріп қояды. Тірі жан қыбыр еткен жоқ. Бәрі қарттың етегіне түскен ақ сакалының ығына жығылған.

- О, ата, күн төбеге шықты, - деді шыдамы таусылған біреу.

- Сабыр, сабыр шырақтарым, ішіме сыйғанда, сыртыма сыймайтын қайсы бұл шыдамсызданған? - деп ақырын тамағын кенеді.

Осы соңғы дауысты естігендей джиптерінің есігін бірінен соң бірі дүріс-дүріс жауып, алқа топты қақ жа-

қайлама! Қайда, кіммен кездесіп отырғаныңды біл! Мына шимандай елді бір тартының қауызына қамадыңдар. Енді айтқанын істе, айдауына жүріңдер!

- Не керек өзі? - Абыр орнынан атып тұрды.

- Әр үйге жылу, электр жарығы, ішетін су керек.

- Ә, ә, солай екен-ау, - бет-ауызы жыбырлап, кекетекүліп, - бір түтін, бір үй қалмай судың, жылудың, жарықтың ақысын төлемей, оның бірде бірі іске қосылмайды.

- Ей, шырағым, ақ тауықтың қоразындай қоқиланба, сабырға кел! Ақыл патшасы-

лықтың игілігіне қызмет ететін құндылықтар! Айтындаршы, мына сендерді өмірге келтірген халық естісін қандай жасырын әдіс, айламен екеуің сол дәулетке ие бола қалдыңдар?

- Бізге берді, біз алдық. Осы топырақта не болса бәрі, біздікі!

- Кім берді, қалай алдыңдар? Соны ғана айтындаршы? - қарттың ақ таяғы тағы да ауада бұлғалақтады. - Мыналарды тыңдандар, не дер екен дегендей, көпті тыныштыққа шақырған сияқты.

Жарыса сөйлеген Абыр



Суретті салған Ж. ҚОЖЫҚОВ.

арқаланып.

- Жыламаған балаға емшек жоқ.

- Апыр-ай, мына ақ қар, көк мұзда, тас қараңғыта, суық үйге, сусыз шөлге қамап қоюға дәті барғандары тас бауырлық емес пе? Бетімен қайырусыз кеткендік те осы шығар?

- Тек! Иттей шуламандар, бассыз үйдің иті үргіш демей ме, - Сүйір карт көпті жекіп тоқтатты. - Мына маскараның тамырын қазбай іс оңбайды. Келсін өздері! Құр даурықпай, ақылмен, сабырмен тілге келейік, - деп кідірді. Ләм деген ешкім болмады. Бір атаның бүгінгі көзі тірі абызынан бәрі ықтап, тілін тістеді. Сыйлағаны.

Күн кешке айналған Абыр мен Дабыр келе қоймады. Қарт үш бүктегіліп, ақ таяғына асылып, жерге қараған

рып Абыр мен Дабыр да ене берді. Бабаға сәлем бермей, демдерін ішіне тартып, ұйыған қорғасындай жүздері түтіндеп, түнере төрдегі орындарына озды.

- Иә, бұл не жиын? Көтеріліс пе? - Абыр ала көзін алақаттты.

- Ей, құдайдан безген, аспаннан түстің бе, жерден шықтың ба, әзірейлімісін, мәдімісін? Мына халық сенің екеуіңнің қай қатыныңнан туып еді? Қараңдар, көздерінді ашып, - карт қаһарланып кетті.

- Ал, сөйлендер!

- Иә, көтеріліс?! Бұларды қырып тастайтын пәлеметің, ұнтап тастайтын бомбаларың бар ма? Қане, ат, таста!...

- Тараңдар! Кетіндер! - деген Дабыр айқайлап әмір етті.

- Ей, бейәдеп, бетсіз! Ай-

на бағын, - көзі жасаурап, қас-қабағы діріл қакқан қарттың зор дауысы үзіліп-үзіліп әрең шықты, қиналғаны үнінен сезілді. Қартты қолдағаны ма, Абыр мен Дабырдың мен-мендігіне ызаланған көпшілік шулап кетті. Жан-жақтан сөз тасбұршақтай жауды.

- Басынбандар халықты!

- Сабаларына түс!

- Ол сендердің жеке меншіктерің емес, - Сүйір қолы дір-дір етіп ақ таяғын көтерді осы кезде. Сүлеймен Пайғамбардың атасын көргендей, қарттың қимылына көпшілік қайта тына қалды.

- У-ай, найсаптар, не деп тұрсындар осы екеуің? Ол кенес үкіметі тарағанда мына еңбекші халықтың үлесіне таратылмақ мал, мүлікпен қоса ұжымның меншігіне берілген осы ха-

мен Дабыр:

- Бізге аудан, облыс, - дауыстары үзіліп-үзіліп шығып, - одан әрі елді кім билесе солардың бәрі-бәрі берді. Біз жеке шаруа қожалығымыз. Ұжым деген баяғыда шейіт болған, ол жоқ қазір! - деді.

- Токтандар, сонда сендер мына момын елдің бар несібесін, ақысын, өздеріне айтпай сыртынан иеленіп кеткенсіндер ме? Кім ондай үкімді жасаған?

- Үкімет. Қолымызда мәңгілікке, тіпті, ұрпағымызға мұрагерлікке берілген құжат бар.

- Тек! Үкіметті былғамаңдар, үкімет ондай сорақы қиянатқа бармайды, халықтың ырзығына қол салмайды, - қарттың мына сөзіне шамданған Абыр ашуына булығып, қорбаңдап:

- Мына сейфте жатыр

біздің құжатымыз, басқа түгіл құдай жаратқан өздеріңнің қонысын, кең байтақ дала да, ұзын аққан өзен де біздікі, - деді.

- Сол сұмдығыңды ашып айтпайсың ба? Мына халыққа беретіндерің бар ма?

- Бар. Тек, ақшаларына сатып аласыңдар. Осы бүгін жылуға, суға, электр жарығына тиісті қарыздарыңды төлендер, қазір бәрін іске қосамыз.

- Мен әлі түсініп болған жоқпын, балалар, өз бабаларың, Орман шалдан өрген үрім-бұтақтың бар ырзық-дәулетін иемденіп, өзінің меншігіне алып, қожалық ететін билікті сендерге кім берді? Жетті сендердің зорлығың, итіңнен бастап, мысығыңа, тышқанына дейін бір-бір шетелдік машина міндің, аспанмен таласқан бір-бір зәулім сарай, қалаларда бас-басына үй салдың, қапшығыңда еуро ма, доллар ма, теңге ме, қыт-қыт ақша. Ел байлығы май болып босағанда ақты. Міне, бүгін соның бәрін ұмытып, халықтың көз-жасына қарамай, аспандағы айға секіріп отырсындар, тоқтатындар ессіздікті!

- Алдық! - Абырдың даусы санқ етті. - Сөз тәмәм! Қане, тараңдар! - Ағайынды екеуі Абыр мен Дабыр жұртты кимелеп, есікке қарай беттеді.

- У-ай, кәззап жаратылыстар! - Сүйірдің ашы дауысы қинала шықты, - қане аттап көріндерші табалдырыктан. Енді мына ақ таяқ сөйлейді, бұл адамдық, адалдық бейнесі, биліктің әміршісі, ізгілік найзасы!

Түтігіп ашу бұған екеу есікке барын салып ұмтылды. Сендей сірескен көп ығыса қоймады. Бұлар көшеде келе жатқанда кеудесін қағып жол беріп, тағзым ететіндер қыбыр етер емес, бәрі түксіе қарайды. Түйілген қабақ, тістенген кейіп түнере түскен.

- Қос қарабет! Қиянаттың өзі атанбақсындар ма, елден садаға кетіндер! Елінің сенімін тәркі етіп, баса-көктеп, барын тартып алып, маскара болған түрлерінді көріндер. Қырық мың гектар егін жай, 15 мың гектар шабындық, қыруар мал мен қаншама техника, көптеген ғимараттар екеуінің өнешіңнен өтіп кетті-ау. Кіммен ауыз жаласып, кіммен жең ұшы жалғасқанның мына халық білмей отырған жоқ. Халықты басынған оңбайды, оларды құдай қарғап әруақ атады, - Сүйір карт тебіреніп, айқайлап сөйлеп кетті. Жұртта әлі үн жоқ. Осы кезде «Ойбай, өрт! Өрт» деген ашы айқай жетті. Джиптер өртеніп жатыр, ойбай джиптер лапылдап жанып барады.

Есікке ұмтылған көпшілік жанталасты, бірін-бірі итермелеп, сыртқа шыға алмай, кептеліп қалды. Екі дәу Абыр мен Дабыр торға түскен аюдай қанша жанталасса да шығар есікке жете алмады. Екеуінің де түрі қазан түп күйесіндей болып қарайып кеткен. Ләм деген бір дыбыс естілмейді.

Көпшілік сыртқа шыққанда екі джиптің лапылдаған соңғы шоғы сөнді. Тұрған орындарында бықсып қана жанып жатты.

- Ей, зұлымдық, сенің бүйтіп арамнан жинаған дүниен кімге опа берер еді. Қарабет болды ғой бұлар, бүйтіп тапқан арам дүниен қурысын, - деген дауыстар ғана күніреніп шығып жатты.

Көпшілік тарай қоятын емес, шымырлаған сары аязда, бұлтсыз аспанда шыңшын етіп, «Қара бет! Қара беттер!» деген сөз ғана естіледі. Аяз сорған аппақ дала сықырлап кетті, мүлгіп қана жатыр.